

**«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторант Джумагазиева Орынгул Дженисбековнаның
«Ауруды басқару бағдарламасында мейіргердің ұйымдық және басқару механизмдерінің негіздемесін әзірлеу» тақырыбына
дайындалған диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№р/н	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету) 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Атап айтқанда, диссертациялық зерттеу «Халық денсаулығы және өмір сапасын арттыру, денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру» бағытына сәйкес орындалған. Зерттеу Қазақстан Республикасында алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде созылмалы жұқпалы емес ауруларды басқару бағдарламасын жетілдіруге, мейіргердің ұйымдастырушылық және басқарушылық рөлін күшейтуге, пациентке бағытталған көмектің тиімді моделін әзірлеуге бағытталған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, ал оның ғылыми маңыздылығы диссертация мазмұнында толық әрі жүйелі түрде ашылған. Зерттеуде алғашқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде созылмалы жұқпалы емес ауруларды басқару бағдарламасын жүзеге асырудың ұйымдастырушылық және басқарушылық тетіктері кешенді түрде талданған. Автор мейіргердің кеңейтілген кәсіби рөлін ғылыми тұрғыда негіздеп, мейіргерлік қызметтің тиімді моделін ұсынған. Алынған ғылыми нәтижелер қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы теориялық

			көзқарастарды толықтырып, алғашқы медициналық-санитариялық көмек жүйесінде практикалық қолдануға ие. Диссертация қорытындылары денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге бағытталған әрі болашақ ғылыми зерттеулер үшін әдіснамалық негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысы автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады. Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, ғылыми тілде сауатты жазылған. Қолданылған әдебиеттер мен дереккөздер орынды пайдаланылып, мәтінде авторлық ұстаным айқын көрініс тапқан. Жұмыстың мазмұны, талдау деңгейі және қорытындылары автордың зерттеу тақырыбын толық меңгергенін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) Негізделген; 2) Ішінара негізделген; 3) Негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі негізделген. Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған стратегиялық құжаттардың талаптарымен тікелей байланысты. Атап айтқанда, жұмыстың өзектілігі Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, сондай-ақ созылмалы жұқпалы емес ауруларды басқару бойынша Ауруларды басқару бағдарламасын (АББ) енгізу туралы ҚР ДСМ бұйрықтарында айқындалған басым бағыттармен негізделген. Зерттеуде алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде мейіргердің рөлін күшейту, пациентке бағытталған күтімді ұйымдастыру және созылмалы ауруларды тиімді басқару қажеттілігі қазіргі стратегиялық мақсаттарға сай дәлелденген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) Айқындайды; 2) Ішінара айқындайды; 3) Айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны қойылған тақырыптың мазмұнын айқындайды және оның негізгі аспектілерін толық ашады. Диссертация құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қалыптастырылған: алғашқы бөлімдерде ауруларды басқару бағдарламасының теориялық-әдіснамалық негіздері мен мейіргердің рөлі талданса, кейінгі бөлімдерде алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейіндегі нақты

			тәжірибе, алынған деректердің нәтижелері және оларды қолдану мүмкіндіктері қарастырылған. Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар мейіргердің ұйымдық және басқарушылық қызмет моделін негіздеуге бағытталып, диссертация тақырыбының мазмұнын жүйелі түрде айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Мақсат зерттеу тақырыбының негізгі мазмұнын ашуға бағытталған, ал міндеттер оны кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен қорғауға ұсынылған ережелері толық логикалық байланысқан және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес дәйекті түрде құрылған. Алғашқы бөлімдерде қарастырылған теориялық және аналитикалық тұжырымдар келесі тарауларда жүргізілген зерттеулерге негіз болып, алынған нәтижелер қорытынды бөлімде жүйелі түрде жинақталған. Қорғауға ұсынылған ережелер диссертация мазмұнынан туындайды және жүргізілген ғылыми зерттеудің ішкі логикасын сақтай отырып тұжырымдалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген, 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа қағидаттар мен әдістемелік шешімдер жан-жақты дәлелденіп, бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен жүйелі түрде салыстырылып бағаланған. Салыстырмалы талдау барысында қолданыстағы модельдердің шектеулері мен іске асырудағы проблемалық тұстары анықталған. Автор алынған нәтижелерді интерпретациялау кезінде деректерге сыни талдау жасап, ұсынылған шешімдердің тиімділігі мен артықшылықтарын негіздейді. Бұл талдау жаңа тәсілдердің ауруларды басқару бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында практикалық құндылығын көрсетуге мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған негізгі ережелер толығымен жаңа деп бағаланады. Автор алғашқы медициналық-санитарлық көмек жағдайында ауруларды басқару бағдарламасын жүзеге асырудағы мейіргер

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	қызметін ұйымдық және басқарушылық тұрғыдан кешенді түрде зерделеген. Зерттеу барысында әзірленген модель, тұжырымдамалық қағидаттар және алынған қорытындылар бұрынғы ғылыми еңбектерде дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Бұл нәтижелер зерттеліп отырған саладағы ғылыми білімді едәуір толықтырады және жаңа ғылыми бағыттың дамуына негіз болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесінде ауруларды басқару бағдарламасын іске асыру жағдайында мейіргердің кеңейтілген ұйымдық-басқарушылық рөлі алғаш рет ғылыми тұрғыда негізделді. Алынған қорытындылар созылмалы жұқпалы емес аурулары бар пациенттердің (артериялық гипертензия, 2-типті қант диабеті, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі) ауруды басқару бағдарламасына қатысуы мен ақпараттану деңгейіндегі жыныстық айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл айырмашылықтарды ескере отырып, стандартталған тәсілдердің жеткіліксіздігі дәлелденіп, мейіргер қызметіне негізделген бейімделген модель ұсынылды. Зерттеу нәтижелері отандық және халықаралық әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған мәселелерді қамтиды және АББ-ны жетілдіруге бағытталған жаңа ғылыми тұжырымдар мен практикалық маңызы бар ұсыныстарды қалыптастырды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеуде ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа, қазіргі ғылыми тәсілдерге сүйене отырып негізделген және ауруларды басқару бағдарламасын жетілдіруге бағытталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыда қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген / негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары ауқымды ғылыми және эмпирикалық дәлелдемелерге сүйенген. Зерттеу нәтижелері автор әзірлеген сауалнама мен әдістемелік нұсқаулықтар негізінде алынған деректерге, сондай-ақ

		гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	жүргізілген статистикалық және салыстырмалы талдауларға сүйене отырып қалыптастырылған. Сауалнама нәтижелері мейіргерлердің ауруларды басқару бағдарламасындағы (АББ) рөлі, олардың кәсіби құзыреттілігі мен ұйымдық-басқарушылық функцияларын іске асыру тиімділігін айқындауға мүмкіндік берген. Бұл деректер зерттеу қорытындыларының ғылыми негізділігін арттырып, ұсынылған мейіргерлік модельдің практикалық маңызын дәлелдейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда ұсынылған барлық ережелер мен гипотезалар зерттеу барысында жинақталған эмпирикалық материалдармен, статистикалық және сапалық деректердің нәтижелерімен дәлелденген. Алынған нәтижелер ауруларды басқару бағдарламасын іске асырудағы мейіргердің ұйымдық және басқарушылық қызметінің нәтижелілігін растайды. Зерттеу деректері ғылыми талаптарға сәйкес өңделіп, талданып, негізгі қорытындылар жетекші халықаралық және республикалық ғылыми басылымдарда жарияланған. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері келесі жарияланымдар түрінде ұсынылған: Scopus базасына кіретін халықаралық рецензияланған журналда – 1 мақала; ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған ғылыми басылымдарда – 8 мақала. Сонымен бірге, зерттеу материалдары халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми конференцияларда баяндалған. Жарияланған мақалаларда ауруларды басқару бағдарламасы аясындағы мейіргердің функционалдық рөлі, мультидисциплинарлық өзара іс-қимылдың тиімділігі, пациенттердің гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып қатысу сипаты және мейіргерлік қызмет моделін енгізудің практикалық аспектілері ғылыми тұрғыда талданған.
8.	Сенімділік принципі Дереккөздердің және беріліп отырған ақпараттың	8.1 Әдістемені таңдау негізделген немесе әдістеме жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған	Әдістемені таңдау негізделген, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Диссертацияда қолданылған сандық және сапалық зерттеу әдістері, деректерді жинау көздері, іріктеме

	сенімділігі	<u>1) иә;</u> 2) жоқ	сипаттамасы, сондай-ақ статистикалық өңдеу тәсілдері жеткілікті түрде егжей-тегжейлі баяндалған. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен қайта өндірілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, таңдалған әдістемелер халықаралық тәжірибелерге (Hsieh және т.б., 2021; My Health Guardian моделі, Австралия және т.б.) және дәлелді медицина қағидаттарына негізделген, бұл алынған нәтижелердің ғылыми сенімділігін арттырды.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды пайдалана отырып деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды: <u>1) иә;</u> 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістер мен компьютерлік технологияларды пайдалана отырып алынды. Деректер Microsoft Excel, SPSS Statistics және басқа статистикалық бағдарламалар арқылы өңделіп, сандық және сапалық талдау жүргізілді. Сауалнама, сұхбат және бақылау нәтижелері электронды түрде жүйеленіп, статистикалық тексеруден өтті. Компьютерлік әдістер деректердің дәлдігін арттыруға, корреляциялық байланыстарды айқындауға және нәтижелерді визуалды түрде ұсынуға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, ауруларды басқару бағдарламасында мейіргер қызметінің тиімді моделін дәлелдеуге ықпал етті.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша оқыту бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген): <u>1) иә;</u> 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу барысында теориялық қорытындыларды, модельдер мен анықталған байланыстарды дәлелдеу мақсатында кешенді эксперименттік зерттеу жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде Алматы қаласының алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында ауруларды басқару бағдарламасына (АББ) қатысатын мейіргерлер мен созылмалы жұқпалы емес аурулары бар пациенттер алынды. Эксперименттік зерттеу аясында қант диабеті, артериялық гипертензия және созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттердің АББ-ға қатысу ерекшеліктері, хабардарлық деңгейі, өзін-өзі басқару дағдылары және медициналық көмекке қанағаттанушылығы талданды. Сонымен қатар мейіргерлердің ұйымдастырушылық, басқарушылық және ағартушылық қызметінің мазмұны мен тиімділігі бағаланды. Алынған деректер сауалнама, сұхбат және бақылау әдістері арқылы жинақталып, статистикалық өңдеуден өтті. Эксперимент

9	Практикалық қағидаты	құндылық		нәтижелері теориялық тұжырымдардың дұрыстығын растап, әзірленген мейіргер қызметі моделінің практикалық негізділігін дәлелдеді.
			8.4 Маңызды мәлімдемелер қазіргі және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы <u>расталған</u> / ішінара расталған/расталмаған	Зерттеу барысында қазіргі және сенімді ғылыми дереккөздерге негізделген жүйелі әдебиеттік шолу жүргізілді. Талдауға ДДСҰ материалдары, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары, сондай-ақ Scopus және Web of Science дерекқорларында жарияланған халықаралық және отандық ғылыми еңбектер енгізілді. Әдебиеттік шолу ауруларды басқару бағдарламаларының теориялық негіздерін, мейіргер қызметінің рөлін және МСАК деңгейіндегі ұйымдастырушылық модельдерді айқындауға мүмкіндік берді. Маңызды мәлімдемелер қазіргі және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған.
			8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Әдебиеттік шолу бөлімінде пайдаланылған 112 ғылыми дереккөз зерттеу тақырыбының өзектілігін ашуға жеткілікті. Дереккөздер құрамына отандық және шетелдік авторлардың еңбектері, халықаралық ұйымдардың (соның ішінде ДДСҰ) материалдары мен соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулер енген.
			9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <u>1) бар;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар және ол ауруларды басқару бағдарламасы аясындағы мейіргердің басқарушылық және ұйымдастырушылық рөлін ғылыми тұрғыда дәлелдейді және мейіргерлік қызметтің заманауи моделін қалыптастыруға бағытталған теориялық тұжырымдарды ұсынады.
			9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) иә;</u> 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары, алынған нәтижелерді медициналық ұйымдардың тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі бар. Мейіргерлік қызметтің ұсынылған моделі алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында ауруларды басқару бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға және пациенттерге көрсетілетін көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.
			9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан азы жаңа)	«Диссертациялық жұмыста алғаш рет Қазақстан жағдайына бейімделген мейіргердің ауруларды басқару бағдарламасындағы қызмет моделі негізінде жаңа практикалық ұсынымдар әзірленгені байқалады. Ұсынымдар мейіргердің басқарушылық

			және ұйымдастырушылық функцияларын кеңейтуге, пациенттердің өзін-өзі басқару қабілеттерін жетілдіруге және көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған. Жұмыс өзекті, ғылыми деңгейі жоғары және практикалық маңызы зор деп есептеледі».
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Мәтін ғылыми стиль талаптарына сай жазылған, терминдер орынды қолданылған, ойдың жүйелілігі мен логикалық құрылымы сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескертулер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		-
13.	Ресми рецензенттің шешімі (Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарға толық сәйкес келеді. Ізденуші Джумагазиева Орынгул Дженисбековна 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ресми қорғауға ұсынылады.

Ресми рецензент:

«Семей медицина университеті» КеАҚ
Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының
меңгерушісі, м.ғ.к., профессор



Хисметова З.А.

